

Тарихи анықтама.

Жалпақтал жол пайдалану бөлімінің құжаттары Жалпақтал мұрағатында 1948 жылдан бастау алады.

Мекеме Еңбекшілер депутаттары Фурманов аудандық Советі атқару комитетінің жанындағы бөлім болып жұмысын бастаған.

Бөлімде Хайруллин Алдаберген жол жөндеуші болып, және 3 ағаш шебері, 1 жұмысшы, 1 күзетші қызмет атқарған.

1951 жылы жөндеушілер саны төрт адамға көбейген. Олар Шналиев Дәуеш, Агишев Шаяғзам, Кдрашева Тайба, Шукаев Кабес.

1953 жылдан мекеме аудандық жол шаруашылығы бөлімі болып құрылған. Штатта: бөлім басшысы, бухгалтер, төрт жол жөндеу шебері болған. Мекемені Искаков Ғазиз басқарған.

1954 жылы мекемені Темірсұлтанов Қара

1955 жылы Хабиев Заки

1956 жылы Шаманаев.С

1957-1960 жылдары Неталиев Д.басқарған.

Мекеме Фурманов ауылы Коммунальный көшесінде орналасқан. Мекемеде 1 ат, 2 өгіз, 2 өгіз скрепері болған.

1961-1975 жылдары мекемені Мулдашев. Ғ

1976-1979 жылдары Джамангарин Жәнібек басқарған

1965 жылы аудандық жол бөлімі негізінде ДЭУ- 399 мекемесі ұйымдастырылған. Басшысы Мулдашев Ғазез, бас инженері Давилина.А.П, бас бухгалтері Айтқалиев.Ш мекемеде барлығы сегіз адам, жол қызметінде бес адам, төрт механизатор штатта болған.

Мекемені 1979 -1984 жылдары Ғумаров Камеш басқарған.

Сонымен бірге ДЭУ- 399 мекемесінің жанынан 1958-1967 жылдарды Казталов ауылында жол жөндеу жұмыстарын жүргізген ДЭСУ-221 мекемесі жұмыс жасаған. Мекемені

1958-1965 жылдары Доскалиев Мәлік

1965-1967 жылдары Кабилов Досболат басқарған

1979 жылы мекеме атауы ДЭСУ болып аталған, ал 1981 жылдан мекеме аудандық жол бөлімі болып аталған. 1985 жылы аудандық жол бөлімі ДЭУ-42 мекемесіне қосылған.

1976 жылы мекеменің базасы жаңа орынға көшіріліп, мекемеге жаңа кеңсе, гараж салынған. Мекемеге ДТ-75 төртеу, тіркеме грейдер төртеу, скрепер-1, 2-автомашина (жанармай таситын және ағаш бортты машина) алынған.

Қазақ ССР-ның автомобиль транспорты тас жолдар министрінің 19 август 1954 жылғы №347 бұйрығымен жаңадан ұйымдасқан ДЭУ-42 мекемесінің басшылығына Искаков Ғазез тағайындалған ал инженерлікке ДЭУ-42 мекемесінің 1 август 1954 жылғы №2 бұйрығымен Кан Валентин Данилович тағайындалған.

Мекемеге төрт – 1 разрядты, үш – 2 разрядты, екі – 3 разрядты жол шеберлері жұмысқа алынған.

Мекемені 1965 жылдан бастап Бахтыгереев Мухсин басқарған.

Мекеме Жалпақтал ауылы Мостовой көшесінде орналасқан. Мекемеде: кеңсе үйі, гараж, қойма, монша, ағаш шеберлер цехы, электростанция, дүкен, қарауыл үйшігі болған. Мекемеде 1 ат, 2 өгіз, 2 өгіз скрепері, 1 жанармай таситын автокөлік болған. Осы жылы Фурманов-Алғай бағытына тас жол салына бастады, Фурманов-Орал бағытындағы Шахат көпірі күтімге алынған.

Мекеменің ДЭУ-42 атауы 1972 жылы ДЭУ болып, 1979 жылы қайта ДЭУ-42 болып, 1983 жылы ДЭУ, 1985 жылдан Фурманов аудандық автомобиль жолдары мекемесі болып өзгертілген.

1976 жылы мекеменің базасы жаңа орынға көшірілген. Мекемеге 10 орындық гараж, кеңсе, 1 қонақ үй, 1 қызметтік үй, қойма, жылыту орталығы, күзет үйі салынған. Мекеме ауласы түгел темір қоршаулармен қоршалған.

1990 жылға дейін жол қызметкерлеріне арнап 10-екі пәтерлі, 8-бір пәтерлі үйлер салынды. Мекеме қамтуында 239 шақырым жол, 1 темір бетон көпірі, бір ағаш көпір, жол асты су ағатын 14 темір бетонды құбыр болды. 1985 жылы ДЭСУ – 399 жол жөндеу бөлімімен Фурманов ДЭУ – 42 жол пайдалану бөлімі қосылып, Фурманов өндірістік жол бөлімі болып аталған.

Фурманов өндірістік жол бөлімі 1990 жылы Фурманов кейіннен 1993 жылдан бастап Жалпақтал жол пайдалану бөлімі болып өзгерген.

Осы жылдарда мекемеде 5 -К-700 тракторы, 3 -Т-150 тракторы, 3-автоскрепер-МУАЗ, 1- зил самосвал автокөлігі, 1—газ-53 автокөлігі, 1-автомашина-Нива, 1-бортовой Урал автокөлігі, 1-Погрузчик-поляк автокөлігі, 1-автомашина жол жөндеу қызметінің техникаларымен жабдықталған.

Чапаева – Фурманов - Казталовка, Фурманов - Александров-Гай, Фурманов-Шакен, Фурманов - Талдыапан, Фурманов – Кішкене-шал, Фурманов - Көктерек жолдарына гравии, щебень төселді, 6 темір бетонды көпір салынды. 20 - жол асты су жүретін темір бетонды құбырлар салынды. 1988 жылы Фурманов поселкісінде сағатына 32 тонна ыссы асфальт шығаратын газбен жылытылатын ДС-117– 2 к заводы салынған.

1989-1992 жылдары одан шыққан өнімнен барлығы 91 мың 886 м² жол асфальттанды. Мекеменің механизаторлары ерен еңбектері үшін Айтжанов Мухамбетқали «Ленин ордені»-мен, Төреғалиев Муса III-Дәрежелі «Данқ» орденімен марапатталған.

Мекеменің негізгі міндеттері:

1. Аудан көлемінде салынған барлық көпірлерді, су ағырларың және жол белгілерін уақытында жаңарту және күтіп ұстау.
2. Облыс орталығына, Казталов, Жәнібек аудандарына баратын тас жолдарды, шаруашылықтар мен бөлімшелерге баратын жолдарды салу, жөндеу және күтіп ұстау.
3. Мекеменің базасын жаңарту, жаңа техникалармен жабдықтау
4. Мекеме қызметкерлерін әлеуметтік-тұрмыстық жағдайларын шешу (тұрғын үй салу, емдеу-сауықтыруға жағдай жасау) болып есептелген.

Тарихи анықтаманың екінші бөліміне тоқталар болсақ:

Ғылыми өңдеуге дейін 5 (бес) тізімдеме бойынша 1948-1996 жылдар аралығында 234 сақтау бірлігі болған.

Тұрақты сақталатын істердің 2(екі) тізімдемесі бойынша 1960-1996 жылдар аралығында 128 (жүз жиырма сегіз) сақтау бірлігі, жеке құрам жөніндегі істердің 3(үш) тізімдемесі бойынша 1948-1996 жылдар аралығында 106 (жүз алты) сақтау бірлігі болған.

Осы №69 қор бойынша Жалпақтал жол бөліміне төмендегідей кәсіпорындар кірген, ол ДЭСУ-399 жол жөндеу мекемесі, ДЭУ-42 жол пайдалану мекемесі және Казталов ДЭСУ-221 жол жөндеу мекемесі.

Тұрақты сақталатын істер бойынша Фурманов ДЭСУ-399 жол жөндеу мекемесінің 1960-1984 жылдары 47 (қырық жеті) с.б, жеке құрам жөніндегі істер бойынша 1954-1985 жылдары 41(қырық бір) с.б.

Тұрақты сақталатын істер бойынша Фурманов ДЭУ-42 жол пайдалану мекемесінің 1961-1996 жылдары 85(сексен бес) с.б, жеке құрам жөніндегі істер бойынша 1954-1998 жылдары 55(елу бес).

Жеке құрам істер бойынша Казталов ДЭСУ-221 жол жөндеу мекемесінің (жеке құрам жөніндегі бұйрықтар және еңбек ақы есептеу ведомостілері 1958-1967 жылдары) 6 (алты) сақтау бірлігі.

Казталов ДЭСУ-221 жол жөндеу мекемесінің тұрақты сақталатын істері мемлекеттік сақтауға тапсырылмағандықтан тізімдемеге енгізілген жоқ.

Фурманов ДЭСУ-399 жол жөндеу мекемесінің 1961-1980 жылдары аралығында тұрақты сақталатын істердің ішінен төмендегі құжаттар (парақтар) жоюға іріктелініп алынды:

* Штат кестесі мен шығындар сметасының көшірмелері:

1961жыл, 1962 жыл, 1970жыл, 1971жыл, 1973жыл, 1979жыл, 1980жыл
(7 істен 64 парақ)

Фурманов ДЭУ-42 жол пайдалану мекемесінің 1961-1977жылдар аралығындағы тұрақты сақталатын істердің ішінен төмендегі құжаттар (парақтар) жоюға іріктелініп алынды:

* Кварталдық есептер: 1961-1964 жылдар (4 істен 41 парақ)

* Штат кестесі мен шығындар сметасы: 1962-1965 жж, 1968 ж, 1974-1977жж
(9 істен - 66 парақ)

ДЭСУ-399 мекемесінің 1958, 1959, 1963 жылдардағы еңбек ақы есептеу ведомостілері және 1960-1963, 1982-1985 жылдар аралығындағы бұйрық кітаптары және ДЭУ-42 мекемесінің тұрақты сақталатын 1986, 1987, 1989 жылдардағы құжаттары, 1954 - 1959 жылдар аралығындағы еңбек ақы есептеу ведомостілері мемлекеттік сақтауға тапсырылмаған.

2013 жылдың қыркүйек айының 30-нан қараша айының 25-і аралығында, осы қордың 1948-1996 жылдар аралығындағы құжаттарына ғылыми-техникалық өңдеу жүргізілді.

Нәтижесінде:

242 істердің мұқабалары ауыстырылып, 32мұқаба, 207 парақ желімденді, 4801 парақ қайта нөмірленді, 274 іс маңызына және мерзіміне қарай жүйеленіп, мұқабалары рәсімделді, 30 бума қалыптастырылды, 30 жапсырма жаңадан жаңартылды.

Жаңадан 3(үш) тізімдеме құрастырылды.

Тұрақты сақталатын істердің №1 тізімдемесінде 1960-1996 жылдар аралығындағы 168 (жүз алпыс сегіз) іс, жеке құрам жөніндегі №1ж тізімдемесіне 1948-1998 жылдар аралығындағы 101(жүз бір) іс, №2ж тізімдемесіне жұмыстан шыққан қызметкерлердің жеке істері-5(бес)іс, барлығы 3 тізімдеме бойынша 274 (екі жүз жетпіс төрт) іс енгізілді .

Қордағы ғылыми-техникалық өңдеуден өткізу кезінде 9 іс сақтауға жатпайтыны бөлініп алынды, 49 іс ажыратылып бөлінді.

